



Автор: АБДЕНБАЕВА ГУЛЬЖАН МАКЕНБАЕВНА
Пән: География
Сынып: 8-сынып
Бөлім: Халық географиясы
Тақырып: Демографиялық саясат

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.4.1.6 "демографиялық саясат" ұғымын түсіндіре отырып жекелеген дүниежүзі елдеріне қатысты демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсынады
Сабақтың мақсаты:	• Дүниежүзі елдері халқына жүргізілетін демографиялық саясатты анықтау, талдау, демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсыну
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: Елдердегі демографиялық саясат модельдерін жіктейді. (оқылым, айтылым, жазылым) Пәнге қатысты арнайы лексика мен терминология: Демографиялық саясат, модель Диалог құруға /жазылымға қажетті сөздер топтамасы: Демографиялық дағдарыс елдері халқына қолданылатын демографиялық саясат..... Қытай және үндістан елдерінің халық санын реттеу үшін.....
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар Халық географиясы тақырыбын «7.4.1.1 халықтың қоныстану заңдылықтарын анықтайды және түсіндіреді; 7.4.1.2 халық тығыздығын анықтайды және көрсеткіштеріне баға береді; 7.4.1.3 дүниежүзі халқының нәсілдік, этникалық және діни құрамын анықтайды және таралу аймақтарын картадан көрсетеді» оқу мақсаты бойынша оқыды. Оқушылар халықтың қоныстану ерекшеліктерін біледі, халықтың тығыздығын анықтай алады, нәсілдік, этникалық, діни құрамын ажыратып, сипаттама бере алады
Бағалау критерийлері:	Оқушылар: Әлем халқы санын реттеу үшін жүргізілетін демографиялық саясат түрлерін біледі, талдайды. Демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсынады
Құндылықтарды дарыту:	Бұл сабақ оқушыларды зерттеушілік қабілетін дамытуға, ой- өрісін кеңейтуге бағыттайды. топтық жұмыс кезіндегі ұйымшылдық, жауапкершілікке баулиды.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақта, презентация
Пәнаралық байланыс:	Тарих және құқық пәндерімен байланыс, гендерлік саясатты: ер адам және әйел адамдардың құқықтарының теңдігін айту барысында және кейбір елдерде еңбек құқықтары жөніндегі даулы мәселелерді әйел азаматтардың мүддесін шешілетіні туралы айтылады
Бастапқы білім:	Оқушылар Халық географиясы тақырыбын «7.4.1.1 халықтың қоныстану заңдылықтарын анықтайды және түсіндіреді; 7.4.1.2 халық тығыздығын анықтайды және көрсеткіштеріне баға береді; 7.4.1.3 дүниежүзі халқының нәсілдік, этникалық және діни құрамын анықтайды және таралу аймақтарын картадан көрсетеді» оқу мақсаты бойынша оқыды. Оқушылар халықтың қоныстану ерекшеліктерін біледі, халықтың тығыздығын анықтай алады, нәсілдік, этникалық, діни құрамын ажыратып, сипаттама бере алады

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (0-15 минут)	1. Ұйымдастыру кезеңі. Сыныппен сәлемдесу. 2. Тақтаға сабақтың тақырыбы мен оқу мақсаттары көрсетіледі. 3. Сіз қалай ойлайсыз? сұрақтары беріледі (Ж) Демографиялық саясат жүргізу қажеттілігі қандай ойдан туындады? Демографиялық саясатты жүргізбесе болмай ма? 4. (Т) Мемлекеттердің демографиялық жағдайын анықтап, жүргізілген демографиялық саясат шараларын жіктеңіз. 1-топ. Ресей 2-топ. Франция 3-топ. Қытай 4-топ. Жапония Дескриптор Оқушылар -Мемлекеттің демографиялық ахуалын анықтайды -Мемлекеттің демографиялық шараларын жіктейді	Стикер Мәтін

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (11-30 минут)	. (Т) Елдердің демографиялық саясаттарын зерттеуге арналған сұрақтарға жауап беріңіз. Не себепті жүргізілді?-қаншалықты өзгерте алды?-қаншалықты қажет, қажет емес? Дескриптор Оқушылар □ Елдердегі демографиялық саясаттың жүргізілу себебін анықтайды □ Демографиялық саясат ахуалды қаншалықты өзгерте алды, талдайды □ Демографиялық саясатты жүргізу қажет немесе қажет емес, пікір білдіреді 6. (Т) Елдердің демографиялық саясатына баға беріңіз Дескриптор Оқушылар □ Елдердегі демографиялық саясатын 2 жақты бағалайды 7. (Ж) Демографиялық саясат моделін ұсыныңыз. Жоспар немесе эссе түрінде Эссе 130-150 сөз көлемінде. Дескриптор Оқушылар □ Демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсынады. Оқушылар бірін- бірі бағалайды. Мұғалімнің кері байланысы	Мәтін, суреттер
Сабақтың соңы (31-35 минут)	Оқушылар сабақтың мақсаты бойынша, талдау жүргізеді. Бүгінгі сабақ мазмұны түсінікті ме? • Не түсініксіз? • Нені білгіңіз келеді? • Мақсатымызға жеттік пе?	стикерлер
Рефлексия (36-45 минут)	Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? Бастапқы білімді еске түсіру барысында 7 сыныптағы халықтың тығыздығы және көрсеткіштері тақырыбын қайталап, жаңа сабақпен байланысын талдайды. Сабақ барысында картамен, кестемен, мәтінмен жұмыс, жасау барысында сабақтың мақсатына жетуге бағытталған тапсырмалар орындайды. Тапсырма орындау барысында білу, түсіну дағдысынан, зерттеушілік дағдыны қалыптастыруға дейінгі дағдыларды қалыптастырады. Тапсырманы орындау барысында әртүрлі топтарға бірігеді. Сыни ойлау тапсырмаларын күрделілік деңгейі әртүрлі тапсырмаларды орындайды Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? Сабақтың бастапқы бөлігінде алдыңғы білім бойынша қорытынды жасап, кері байланыс беріледі. Білім меңгеру кезеңінде, оқушылар белгіленген талаптар бойынша бағаланады. Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы Оқушылар сабақ барысында: топтық жұмыс, интербелсенді тақтамен жұмыс жасау барысында техникалық қауіпсіздікті сақтау ескертіледі.	конверттер
Демографиялық саясат (5 минут)	Демографиялық саясат – экономикалық, әкімшілік, насихаттық іс-шаралар кешені, олардың көмегімен мемлекет өзі қалаған бағытта тұрғындар санының өсуіне, құрылымына, қоныстануы мен сапасына әсер етеді. Ол екі бағытқа бөлінеді: халықтың шынайы қозғалысының, өткен буын өкілдерінің жаңа буын өкілдерімен шынайы алмасуының сипатына, яғни бала туылуына, адам өліміне, халықтың некелілігіне, жас-жыныстық құрылымына әсері. қоныс аударуға, адамдардың тығыздығына әсері.	Мәтін, суреттер
Демографиялық саясат (5 минут)	Демографиялық саясат – экономикалық, әкімшілік, насихаттық іс-шаралар кешені, олардың көмегімен мемлекет өзі қалаған бағытта тұрғындар санының өсуіне, құрылымына, қоныстануы мен сапасына әсер етеді. Ол екі бағытқа бөлінеді: халықтың шынайы қозғалысының, өткен буын өкілдерінің жаңа буын өкілдерімен шынайы алмасуының сипатына, яғни бала туылуына, адам өліміне, халықтың некелілігіне, жас-жыныстық құрылымына әсері. қоныс аударуға, адамдардың тығыздығына әсері.	Мәтін, суреттер